

Нұрыллаұлы Ш. ^{1*}, Джуматаева Ж.О. ², Төлегенов А.К. ³

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, PhD-докторант
Алматы, Қазақстан Республикасы
e-mail: Shyngyskhan1994kz@gmail.com

²Тарих пәні мұғалімі, педагог-шебер, Алматы, Қазақстан Республикасы
e-mail: zhazira_1970d@mail.ru

³Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, PhD-докторант, тарих пәні
мұғалімі, Алматы, Қазақстан Республикасы
e-mail: abylai_24_12_94@mail.ru

МЕКТЕПТЕ ТАРИХ ПӘНІНЕН ЖОБАЛЫҚ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК МОДЕЛІ

Аңдатпа

Мақалада мектепте тарих пәнін оқытуда жобалық оқыту технологиясын қолданудың әдістемелік моделі қарастырылады. Жобалық оқыту – оқушылардың зерттеу, талдау, шығармашылық және командада жұмыс істеу қабілеттерін дамытуға бағытталған заманауи технология. Автор тарих сабағында жобалық әдісті тиімді пайдалану жолдарын, оқушылардың тарих пәніне деген қызығушылығын арттыру мен сыни ойлау дағдыларын жетілдіру мүмкіндіктерін сипаттайды. Жобалар арқылы оқушылар тарихи деректермен жұмыс істеді, оқиғаларға баға беруді, өз пікірін дәлелді түрде ұсынуды және жобамен жұмыс жасауды үйренеді. Әдістемелік модельде жобалық тапсырмаларды құрастыру, бағалау критерийлерін анықтау және сабақ құрылымын жобалау сияқты негізгі кезеңдер сипатталған. Мақалада нақты мысалдар мен тәжірибеге негізделген ұсыныстар берілген. Бұл зерттеу тарихты оқытудың сапасын арттыруға, білім алушылардың белсенділігін, шығармашылығын және жеке жауапкершілігін арттыруға ықпал етеді. Модель жалпы білім беретін мектеп мұғалімдері мен болашақ педагогтар үшін әдістемелік көмекші құрал ретінде ұсынылады.

Мақалада ғылыми-педагогикалық әдебиеттерге ғылыми талдау жасау мен сауалнама әдісі кеңінен қолданылған. «Лайкерт шкаласы» негізінде қажеттілікті анықтау сауалнамасы алынып, нәтижесінде жобаның білім алушылардың танымдық белсенділігі мен шығармашылығын арттыруға ықпал ететіні дәлелденді.

Кілт сөздер: Жобалық оқыту, тарих сабағы, әдістемелік модель, зерттеу дағдылары, сыни ойлау, шығармашылық, командалық жұмыс, сабақ құрылымы, бағалау критерийлері, инновациялық оқыту.

Нұрыллаұлы Ш. ^{1*}, Джуматаева Ж.О. ², Төлегенов А.К. ³

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая, докторант PhD,
e-mail: Shyngyskhan1994kz@gmail.com

²Учитель истории, педагог-мастер, Алматы, Республика Казахстан,
e-mail: zhazira_1970d@mail.ru

³Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, PhD-докторант,
учитель истории, Алматы, Республика Казахстан
e-mail: abylai_24_12_94@mail.ru

МЕТОДИЧЕСКАЯ МОДЕЛЬ ПРИМЕНЕНИЯ ПРОЕКТНОЙ ТЕХНОЛОГИИ ОБУЧЕНИЯ НА УРОКАХ ИСТОРИИ В ШКОЛЕ

Аннотация

В статье рассматривается методическая модель применения проектной технологии обучения при преподавании истории в школе. Проектное обучение – это современная технология, направленная на развитие у учащихся исследовательских, аналитических, творческих способностей и умения работать в команде. Автор описывает эффективные пути использования проектного метода на уроках истории, возможности повышения интереса учащихся к предмету и развития критического мышления. Через выполнение проектов школьники учатся работать с историческими источниками, оценивать события, аргументированно излагать свои мнения и работать над совместным проектом. В методической модели описаны основные этапы, такие как конструирование проектных заданий, определение критериев оценки и проектирование структуры урока. В статье приведены конкретные примеры и рекомендации, основанные на практике. Это исследование способствует повышению качества преподавания истории, активизации учебной деятельности, развитию творческого подхода и личной ответственности учащихся. Модель предлагается в качестве методического пособия для учителей общеобразовательных школ и будущих педагогов.

В статье широко применялись научно-педагогический анализ литературы и метод анкетирования. На основе шкалы Лайкерта проведен опрос для выявления потребности, в результате которого доказано, что проектная деятельность способствует повышению познавательной активности и творческих способностей учащихся.

Ключевые слова: Проектное обучение, урок истории, методическая модель, исследовательские навыки, критическое мышление, творчество, командная работа, структура урока, критерии оценивания, инновационное обучение.

Nuryllayuly Sh. ^{*1}, **Zhumataeva J.O.** ², **Tolegenov A.K.** ³

¹*Abai Kazakh National Pedagogical University, PhD student Almaty, Republic of Kazakhstan
e-mail: Shyngyskhan1994kz@gmail.com*

²*History teacher, master-teacher, Almaty, Republic of Kazakhstan
e-mail: zhazira_1970d@mail.ru*

³*L.N. Gumilyov Eurasian National University, PhD-doctoral student, history teacher,
Almaty, Republic of Kazakhstan
e-mail: abylai_24_12_94@mail.ru*

METHODOLOGICAL MODEL FOR APPLYING PROJECT-BASED LEARNING TECHNOLOGY IN SCHOOL HISTORY LESSONS

Annotation

The article examines a methodological model for using project-based learning technology in teaching history at school. Project-based learning is a modern approach aimed at developing students' research, analytical, creative, and teamwork skills. The author describes effective ways of applying the project method in history lessons, opportunities to increase students' interest in the subject, and ways to develop critical thinking skills. Through project work, students learn to work with historical sources, evaluate events, present their opinions with evidence, and collaborate on projects. The methodological model outlines key stages such as designing project tasks, defining assessment criteria, and structuring lessons. The article includes specific examples and practice-based recommendations. This research contributes to improving the quality of history teaching, increasing student engagement, fostering creativity, and encouraging personal responsibility. The model is offered as a methodological resource for school teachers and future educators.

The study relies extensively on scientific and pedagogical literature analysis and the survey method. A needs assessment survey based on the Likert scale was conducted, demonstrating that project-based work enhances students' cognitive activity and creativity.

Keywords: Project-based learning, history lesson, methodological model, research skills, critical thinking, creativity, teamwork, lesson structure, assessment criteria, innovative teaching.

Кіріспе. Қазіргі заманда білім беру жүйесінің басты мақсаты – жан-жақты дамыған, өз бетімен ойлай алатын, сын тұрғысынан талдау жүргізе білетін, жаңа білімді меңгеруге және оны тәжірибеде қолдануға қабілетті тұлғаны қалыптастыру. Осыған байланысты мектептегі оқыту мазмұны мен әдістемесіне қойылатын талаптар да жаңарып келеді. Әсіресе тарих пәні – оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп, отансүйгіштікке, азаматтық жауапкершілікке тәрбиелейтін маңызды оқу пәндерінің бірі ретінде ерекше мәнге ие.

Білім беру – кез келген тұлғаның әлеуетін жүзеге асыруының, қоғам мен мемлекеттің тұрақты дамуы мен өркендеуінің басты тетігі әрі бәсекеге қабілеттіліктің жетекші факторы болып табылады. Қазіргі таңда білім сапасы мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуымен тікелей байланысты маңызды көрсеткіштердің бірі ретінде қарастырылады. Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, қысқа мерзім ішінде экономикалық табысқа қол жеткізген бірқатар мемлекеттер білім беру жүйесінің тиімділігі арқасында жетістікке жеткен. Бұл жағдай білім сапасын бағалаудың халықаралық құралы болып табылатын PISA (Programme for International Student Assessment – Оқушылардың білім жетістіктерін халықаралық бағалау бағдарламасы) рейтингтік көрсеткіштері арқылы айқын көрінеді.

Қазіргі таңда жаһандық білім беру кеңістігінде өзіндік орны бар, әлемдік стандарттарға сай келетін бірқатар оқыту модельдері қалыптасқан. Атап айтқанда, «фин мектебі» (Финляндия), «жапон мектебі» (Жапония), «сингапурлық модель» (Сингапур) сияқты жүйелер тиімділігімен ерекшеленеді. Бұл елдерде білім беру үдерісі оқушының жеке қабілеттері мен өмірлік құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған, оқытудың мазмұны мен формасы нақты ұлттық мақсаттар мен жаһандық қажеттіліктерді үйлестіре отырып қалыптастырылған. Бұл модельдерге тән ортақ сипаттар қатарында оқушы білімінің өмірмен байланысы, білім берудің бірізді стандарты, технологиялық жаңғырту жолы және интеллектуалдық әлеуетті дамытуға бағытталған білім саясаты бар.

XXI ғасыр – технологиялар мен инновациялардың ғасыры ретінде сипатталады. Бұл кезеңде білім беру мазмұны мен формасы түбегейлі жаңаруды, дәстүрлі көзқарастарды қайта қарауды қажет етеді. Жаңа ғасырдағы жаһандық сын-қатерлер мен өзгерістер жағдайында білім беру мәселесі әлемдік деңгейде кеңінен талқыланып, үнемі жаңа идеялар мен шешімдерді іздестіруді талап етеді. Сондықтан да жыл сайын халықаралық ауқымдағы ғылыми-тәжірибелік конференциялар ұйымдастырылып, білім берудегі өзекті трендтер, технологиялық шешімдер мен инновациялық әдістер кеңінен талқылануда. Мәселен, 2014 жылдан бастап Еуропада жыл сайын ұйымдастырылатын білім берудегі жаңа технологияларға арналған «EdCrunch» халықаралық конференциясы – білім беру саласындағы ең ірі және ықпалды алаңдардың бірі болып табылады. Бұл конференцияға әлемнің түкпір-түкпірінен педагогтер, саясаткерлер, зерттеушілер мен сарапшылар жиналып, білім саласын жетілдіруге бағытталған тың идеяларын ортаға салады. Аталған іс-шара жаңа технологияларды білім беру үдерісіне тиімді енгізу, цифрландыру мүмкіндіктерін пайдалану және білім беру сапасын арттыруға бағытталған халықаралық ынтымақтастықтың нақты мысалы болып саналады.

Жалпы алғанда, қазіргі білім беру жүйесі адам капиталының сапасын арттыруды, өмір бойы білім алу идеясын жүзеге асыруды, тұлғаның өзін-өзі дамытуы мен кәсіби өсуіне мүмкіндік беруді көздейді. Білім беру мазмұны дарынды, шығармашыл, бастамашыл тұлғаларды қолдау және болашақ көшбасшыларды тәрбиелеу бағытында дамып келеді. Мұндай үрдістер еліміздің білім беру жүйесін жетілдіруге де тың серпін береді және отандық педагогика ғылымына жаңа міндеттер жүктейді.

XXI ғасыр оқушысы енді жай ғана дайын ақпаратты қабылдаушы емес, білімді өз бетімен ізденіп, құрастыра алатын тұлға болуы тиіс. Осыған орай жобалық оқыту технологиясы – оқушылардың зерттеу, шығармашылық және практикалық дағдыларын дамытуға бағытталған тиімді әдістердің бірі ретінде кеңінен қолданылуда. Бұл технология білім алушылардың оқу үдерісіне белсенді қатысуына, өз қызығушылығы мен қабілетін ескере отырып оқуына, тарихи оқиғалар мен үдерістерді терең түсінуіне жол ашады.

Жобалық оқыту технологиясы оқушыларды дербес зерттеу жүргізуге, топпен ынтымақтаса жұмыс істеуге, тарихи ақпаратты талдап, жүйелеп, нақты қорытынды жасауға бейімдейді. Мұндай әдіс білім алушының тек академиялық білімін арттырып қана қоймай, өмірлік маңызды құзыреттіліктерді де қалыптастырады. Тарих пәнінде жобалық тапсырмалар арқылы тарихи дереккөздермен жұмыс жасау, шынайы тарихи оқиғаларды интерпретациялау, тарихи тұлғалардың ролін бағалау сияқты маңызды дағдылар дамытылады.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында оқыту процесіне белсенді әдіс-тәсілдерді енгізу, соның ішінде жобалық және зерттеу жұмыстарын қолдану қажеттілігі атап өтілген. Бұл өз кезегінде жобалық оқыту технологиясын мектеп тәжірибесіне ендірудің өзектілігін арттыра түседі. Алайда бүгінгі күні мектептегі тарих пәнінде жобалық оқыту технологиясын тиімді және жүйелі қолданудың нақты әдістемелік үлгілері мен ғылыми негізделген модельдері жеткіліксіз. Осы мәселе бұл зерттеу жұмысының басты ғылыми проблемасына айналады. Сондықтан да ғылыми мақаланың өзектілігі ретінде тарих пәні бойынша жобалық оқытудың әдістемелік моделін ұсынып, оның білім сапасына әсерін теориялық және тәжірибелік тұрғыда негіздеу. Бұл модель болашақ мұғалімдерге, педагог-зерттеушілерге, сондай-ақ мектеп тәжірибесіндегі әдіскерлерге практикалық бағдар береді.

Материалдар мен әдістер. Мектептегі тарих пәнін оқытуда жобалық оқыту технологиясын тиімді қолданудың әдістемелік моделін әзірлеу және оның оқу үдерісіндегі сапалық және сандық көрсеткіштерге ықпалын анықтау бойынша ғылыми мақаланың әдіснамалық негізі жасалды.

Жобалық оқыту технологиясының мәні мен құрылымы, оны білім беру жүйесінде қолдану мүмкіндіктері мен әдістері отандық және шетелдік педагог-ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып зерделенді. Атап айтқанда, жобалық оқытудың тарихи білім беру мазмұнымен байланысы, тарих пәніндегі қолдану ерекшеліктері, оқушылардың танымдық, шығармашылық және зерттеушілік қабілеттеріне ықпалы теориялық тұрғыдан қарастырылды.

Зерттеу барысында «Лайкерт шкаласы» бойынша сауалнама жүргізілді. Сауалнама сұрақтары жобалық оқыту технологиясын қолдану жиілігін, оның тиімділігі мен кездесетін қиындықтарын анықтауға бағытталды. Мұғалімдерге арналған сауалнамада жобалық әдіске көзқарасы, қолдану тәжірибесі, нәтижелері және кедергілері бағаланды. Оқушыларға арналған сауалнамада жобалық жұмыстарға қызығушылық деңгейі, жұмысқа қатысу белсенділігі және жеке жетістіктері зерттелді.

Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, жобалық оқыту технологиясын тарих пәнінде қолдануға арналған әдістемелік модель әзірленді. Бұл модель мақсаттық, мазмұндық, іс-әрекеттік, технологиялық және бағалау секілді өзара байланысты компоненттерден тұрады.

Жинақталған мәліметтер SPSS және Excel бағдарламалары арқылы өңделіп, пайыздық үлестер, орташа көрсеткіштер мен диаграммалар негізінде сарапталды. Сонымен қатар, сапалық зерттеу деректері мазмұнды талдау әдісімен өңделді. Сонымен қатар, отандық, ресейлік және шет елдік зерттеушілердің жобалық оқыту технологиясы аясындағы зерттеулеріне талдау жасалды.

Ресейлік зерттеуші А. Вербицкий жобалық оқытуды белсенді оқытудың бір түрі ретінде қарастырады. Ол оқушылардың өз бетінше зерттеу жүргізуін, нақты өмірлік немесе кәсіби жағдайларға қатысты тапсырмаларды шешуін көздейді. Автор жобалық оқыту білім алушылардың білім алу үдерісіне белсенді қатысуын, сыни ойлау, жоспарлау және топта жұмыс істеу дағдыларын дамытуды қамтамасыз етеді деп көрсетеді [1, 47-б.]. Автордың бұл пікірін Е.Е. Егоров бастаған зерттеушілер қолдай келе, «жобалық оқыту үдерісінде білім алушылар тек базалық дағдыларды, білім мен біліктерді меңгеріп қана қоймайды, сонымен қатар жан-жақты тұлға ретінде дамиды және өздігінен білім алу мен өзін-өзі дамыту тәжірибесін иеленеді» [2, 3-б.], -деп көрсетеді.

Зерттеуші С.С. Котов «жобалап оқыту» әдісін зерттеуші маман ретінде өзінің анықтамасын ұсынады. Онда «... бұл білім алушылардың білім мен білікті біртіндеп күрделенетін практикалық тапсырмаларды (жобаларды) жоспарлау және орындау барысында меңгеретін оқыту жүйесі» ретінде сипатталады [3, 78-б.].

Отандық зерттеуші А. Ынтықбековтің мақаласында жобалық оқыту әдісінің Қазақстандағы қолданылуын зерттейді. Нақтырақ айтқанда, оқушылардың қызығушылығын арттыру, өздігінен білім алу, практикалық дағдыларды дамыту сияқты аспектілер қарастырылған. Сонымен қатар, уақыт тапшылығы, әдістеме туралы білімнің жеткіліксіздігі және топтық жұмыс мәселелері де талқыланған [4].

Зерттеуші П.С. Чанданның мақаласында Назарбаев Зияткерлік мектептерінде тарих пәнін оқытуда жобалық оқыту әдісінің қолданылуы қарастырылады. Зерттеу барысында оқушылардың зерттеу дағдылары, сыни ойлау қабілеті және шығармашылық қабілеттерінің дамуы талданған [5].

Ағылшын зерттеушісі Джеймс Тайлордың мақаласында зерттеу жобалық оқытуға қолдау көрсететін технологиялық құралдардың жан-жақты шолуын және жобалық оқыту тәжірибесі бар оқушылар мен мұғалімдер арасында жүргізілген қосымша сауалнамалық зерттеуді қамтиды. Зерттеудің негізгі мақсаты – жобалық оқытуды қолдауда қандай технологиялық құралдардың ең тиімді екенін анықтау болды. Зерттеу нәтижесінде мұғалімдер мен оқушылар технологияның маңыздылығы мен әртүрлі құралдардың тиімділігіне қатысты пікірлері бойынша көп жағдайда ұқсас көзқараста екені анықталды. Әсіресе мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастықты дамытатын құралдар ең тиімді деп танылды [6].

Зерттеуші Sin Wei Lim-нің зерттеу мақаласы Брунейдегі орта мектептерде тарих пәнін оқытуда жобалық оқыту әдісінің оқушылардың түсіну деңгейіне әсерін зерттейді. Зерттеу жобалық оқыту әдісі оқушылардың пәнге деген мотивациясын қалай көтеретініне назар аударады. Бұл әдіс оқушыларға тарихты тек фактілер жинағы емес, зерттеу, талдау және шығармашылықпен айналысу алаңы ретінде ұсынады [7].

Жоғарыдағы зерттеулерден көрініп тұрғандай, жобалық оқыту технологиясы қазіргі білім беру үдерісінде оқушылардың білім алуын тиімді әрі нәтижелі етуге бағытталған белсенді оқыту әдістерінің бірі болып табылады.

Мақсаты мен міндеттері. Ғылыми мақаланың мақсаты – мектептегі тарих пәнін оқытуда жобалық оқыту технологиясын тиімді қолданудың әдістемелік моделін әзірлеу және оның оқу үдерісіндегі сапалық және сандық көрсеткіштерге әсерін анықтау. Осы мақсатқа жету үшін келесідей міндеттер орындалады:

- Жобалық оқыту технологиясының теориялық негіздерін, тарих пәніндегі ерекшеліктерін және тиімділігін зерттеу;
- Мектеп тарихы сабақтарында жобалық оқыту технологиясын қолдану тәжірибесін талдау және салыстыру;
- Жобалық оқыту технологиясын қолданудың әдістемелік моделін жасауға арналған негізгі компоненттер мен принциптерді анықтау;
- Мектеп мұғалімдері мен оқушылар арасында сауалнама жүргізу арқылы жобалық оқыту технологиясының қолданылу деңгейі мен оның қиындықтарын зерттеу;
- Зерттеу нәтижелері негізінде жобалық оқыту технологиясын енгізу тиімділігін бағалау және әдістемелік модельді жетілдіру бойынша ұсыныстар жасау.

Талқылау. Қазіргі кезеңде білім беру үдерісіне қойылатын талаптар әлемдік жаһандану, цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы және еңбек нарығындағы бәсекенің артуы аясында түбегейлі өзгеріске ұшырауда. Осы өзгерістер білім берудің құрылымы мен мазмұнын жаңғыртуды талап етіп отыр. Білім беру саласындағы мұндай серпінді өзгерістер 2022 жылы Алматы қаласында өткізілген «EdCrunch Reload» халықаралық конференциясында айқын көрініс тапты. Конференцияның басты тақырыбы – «Ақыл-ой мен технологиялардың тоғысуы» деп аталып, оған 25 елден 350-ден астам

халықаралық спикер қатысып, білім берудің келешегі мен технологиялық трансформация мәселелерін талқылады [8].

Аталған іс-шара барысында сарапшылар оқытудың гибриді форматы, мектеп жасына дейінгі балалардың интеллектісін дамыту, білім беру кеңістігін қайта жобалау, цифрлық трансформация жағдайында білім беру жүйесінің бейімделуі сынды бірқатар өзекті мәселелерді көтерді. Конференция қорытындысы бойынша EdCrunch Reload сарапшылары әлемдік білім берудің даму перспективаларын айқындайтын бес негізгі тренді ұсынды. Атап айтқанда: зерттеушілік оқыту, оқытуды жекелендіру, ойластырылған педагогикалық дизайн, нәтижелі оқыту және жобалап оқыту технологиясы.

Аталған трендтерді ұлттық білім беру кеңістігіне тиімді енгізу еліміздің стратегиялық құжаттарымен де үндеседі. 2021 жылы 13 қазанда Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен бекітілген ұлттық жобалардың бірі – «Білімді ұлт» сапалы білім беру» жобасы болып табылады. Бұл жоба 2021-2025 жылдарға арналған білім беру саласындағы басты басымдықтарды айқындай отырып, білім беру сапасын арттыру, адами капиталды дамыту, цифрлық экономиканың талаптарына бейімделу және білім берудегі қолжетімділік пен теңдікті қамтамасыз ету мақсаттарын көздейді. Жобаның басым бағыттарының бірі – оқытудың тиімді стратегияларын енгізу арқылы білім сапасын арттыру болып отыр.

Білім беру сапасын арттыру – білім алушының болашақта алған білімін тиімді пайдалана білуіне, сыни тұрғыдан ойлау, рефлексия жасау және шешім қабылдау қабілеттерін дамытуына жол ашады. Осы тұрғыдан алғанда, халықаралық оқыту жөніндегі сарапшы Э.А. Исаи: «... заманауи оқу процестерін жаңғырту қажет. Оқушылар материалдарды оқып қана қоймай, олардың іс-әрекеттерінің мәнін де түсінуі керек. Болашақта білімді қандай мақсатта және қайда қолдануға болатынын білуі қажет» – деген тұжырымы бүгінгі білім беру жүйесінің негізгі ұстанымымен толық сәйкес келеді.

Білім беру саласының заманауи даму бағыттарының бірі – үздіксіз білім алу концепциясы болып табылады. Жаңа технологиялардың жедел дамуы, жаһандық еңбек нарығындағы бәсекелестіктің күшеюі, жаңа кәсіп түрлерінің пайда болуы білім алушылардың өмір бойы білім алуға деген қажеттілігін арттырып отыр. Бұл үрдіс классикалық «мектеп – жоғары оқу орны» үлгісінен бас тартып, оның орнына «lifelong learning» (өмір бойы білім алу) тұжырымдамасын енгізуді талап етеді.

Технологиялық өзгерістер мен мамандықтардың өмірлік циклінің қысқаруы нәтижесінде білім алушылар тек теориялық біліммен шектелмей, өз бетінше ақпаратты іздеу, сараптау, қолдану дағдыларын меңгеруі қажет. Бұл тұрғыда жобалық оқыту технологиясы – оқушылардың зерттеушілік, шығармашылық және практикалық дағдыларын қалыптастыратын тиімді әдіс ретінде кеңінен мойындалып отыр. Мұндай технология оқушылардың тарихи материалды терең меңгеріп, нақты тарихи деректермен жұмыс жасауына, логикалық және сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамытуына, топта тиімді жұмыс істеу машықтарын жетілдіруіне мүмкіндік береді.

Жоғарыда аталған факторлар білім беру жүйесін жаңғыртудың қажеттілігін және мектепте жобалық оқыту технологиясын қолданудың әдістемелік негізін ғылыми тұрғыда зерттеу өзектілігін айқын көрсетеді. Осы бағытта жасалатын зерттеулер болашақта тиімді педагогикалық модельдерді әзірлеуге, білім сапасын арттыруға және оқушылардың жеке қабілеттерін толық іске асыруға жол ашады.

Қазіргі білім беру жүйесінде жобалап оқыту технологиясы оқушылардың қызығушылық пен ынтасын арттыру, өз бетімен жұмыс істеу арқылы білімін тереңдету, ақпараттық сауаттылықты қалыптастыру және сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамыту арқылы болашақта әр түрлі жағдаяттарда және әлеуметтік орталарда өзін-өзі тиімді көрсете білуге бағытталған маңызды әдістемелік құрал ретінде қарастырылады [9, 4 б.]. Бұл технологияның негізінде оқушылардың белсенді, ізденімпаз тұлға ретінде қалыптасуына жағдай жасау жатыр, ол өз кезегінде жеке және әлеуметтік дамудың маңызды факторы болып табылады.

Отандық және шетелдік білім беру сарапшыларының пікірлері негізінде жобалап оқыту технологиясы еліміздің білім беру жүйесінде келесі 5 негізгі міндетті жүзеге асыруға ықпал етеді:

Қазіргі білім беру мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестік жобалап оқыту заманауи білім беру талаптарына сәйкес келіп, оқушыларды жан-жақты дамытуға бағытталған.

Оқушыларды табиғат пен қоғамның объективті заңдылықтарын түсінуге дайындау ғылыми-технологиялық, әлеуметтік-экономикалық дамудың әртүрлі аспектілеріне қатысты проблемаларды жеке жобалар түрінде құрастыру және шешу арқылы оқушылардың проблемалық ойлау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Оқушының білім беру процесінің субъектісі ретіндегі рөлі оқушылар қажетті ақпаратты өздері тандап, жобаның мақсатын, маңыздылығы мен қажеттілігін анықтай отырып, белсенді зерттеуші және шығармашыл тұлға ретінде әрекет етеді.

Дайын ұғымдар мен идеяларды пассивті меңгермей, өз жобасын қалыптастыруы бұл оқушылардың өзіндік танымдық белсенділігін арттырады, жеке ізденіс пен шығармашылыққа жағдай жасайды.

Білім деңгейін жан-жақты дамытуға ықпал ету оқушылардың өз бетімен әрекет етуі мен ізденуі арқылы білімді терең меңгеруіне және қолдануына жағдай туады.

Жобалап оқыту технологиясының ішкі құрылымы 8 негізгі түрге бөлінеді:

- Зерттеу жобалары;
- Шығармашылық жобалар;
- Ойын жобалары;
- Қолданбалы-практикалық жобалар;
- Пәнаралық жобалар;
- Моножобалар;
- Ақпараттық жобалар;
- Рөлдік жобалар [9, 8 б.].

Бұл технология оқушыларға өздерінің шығармашылық қабілеттерін іске асыруға, білімдерін практикада қолдануға және нақты нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жобалау жұмыстары оқушылардың зерттеу дағдыларын тәжірибе жүргізу, мәліметтерді талдау, жинақтау және жүйелеу қабілеттерін қалыптастырады [10, 74-б.]. Осы арқылы сыни ойлау мен шығармашылық қабілеттері дамиды, бұл білімді интеграциялап, оны өмірлік жағдайларда қолдана алу қабілетін арттырады.

Жалпы білім беретін мектептерде оқушылар тек жеке пәндер бойынша білім жетістіктерін ғана емес, сонымен қатар шығармашылық пен зерттеушілік қабілеттерін дамытып, дүниетанымын кеңейтуі тиіс. Бұл олардың болашақта дұрыс шешім қабылдауы мен жеке көзқарасының қалыптасуына негіз болады. Ресейлік ғалым, педагогика ғылымдарының кандидаты М.Д. Матюшкина білім беру дағдысының мәнін былайша сипаттайды: «Білім беру саласында әрбір қалыптасып келе жатқан тұлғаның жеке көзқарасы, оның құндылықтарды меңгеруі, алдына мақсат қою және білім беру үдерісінің (оқу, тәрбие, даму) барлық кезеңінде өзіне қажетті ресурстарды игеруі қажет» [11, 26 б.]. Бұл тұжырым білім берудің тұлғаға бағытталған сипатын ерекше көрсетеді. Сонымен қатар, оқушының зерттеу және іздену жұмыстары танымдық процесс ретінде жаңа білімді қабылдау мен өңдеуден тұрады. Бұл процесте оқушының белсенділігі артқанда, оның білімге деген қызығушылығы мен оқуға деген мотивациясы күшейеді.

Жобалық әдісті қолдану мәселесіне қызығушылықтың артуы оның білім алушылардың танымын түрлі пәндік салалармен байланыстырып, бір мәселені кешенді түрде шешуге мүмкіндік беруімен түсіндіріледі. Бұл әдіс алынған білім мен дағдыларды тәжірибеде қолдануға, жаңа идеялар жасауға жол ашады. Оқытудағы жобалық технологиялық үдерістер өзекті дағдылар мен іскерліктерді меңгеруге бағытталған, олар жеке тұлғалық өсуді және қалыптасуды, сондай-ақ тұлғааралық өзара әрекет пен коммуникацияны ынталандырады [12, 14-б.].

Заманауи оқытушының алдында тұрған басты міндеттердің бірі – оқыту әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіру және инновациялық технологияларды меңгеру. Осыған орай, жобалап

оқыту технологиясын тиімді пайдалану арқылы педагогтар оқыту сапасын арттырып, оқушылардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ете алады [13, 85-б.]. Сонымен қатар, бұл технология білім беру мазмұнын заманауи талаптарға сәйкес жаңарту мен оқушылардың жан-жақты дамуына жағдай туғызу тұрғысынан маңызды.

Өз тәжірибемізде «Мектепте тарих пәнінен жобалық оқыту технологиясын қолданудың әдістемелік моделі» жасалып, оның тиімділігі анықталды. Бұл модель – оқушылардың зерттеу және жобалау дағдыларын қалыптастыруға, олардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға, сыни ойлау қабілеттерін дамытып, білімді терең меңгеруге бағытталған. Сонымен қатар, тарих сабағында оқушылардың белсенділік деңгейін көтеріп, өз бетімен және топпен жұмыс істеу арқылы танымдық нәтижелерге қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

Әдістемелік модель өзара байланысты компоненттерден тұрады. Олар: мазмұндық, ұйымдастырушылық-коммуникативтік, технологиялық және бағалау.

Мазмұндық компонент:

– Тарих пәнінің бағдарламалық материалдары негізінде жобалық тапсырмалардың тақырыптары мен бағыттарын анықтау.

Оқушылардың жас ерекшелігіне, танымдық деңгейіне және мүдделеріне сәйкес жобалар түрін таңдау (зерттеу, шығармашылық, рөлдік, пәнаралық жобалар және т.б.).

Ұйымдастырушылық-коммуникативтік компонент:

– Оқушылардың жекелей және топтық жұмыс істеуін ұйымдастыру.

– Оқу әрекеттерін жоспарлау, уақытты тиімді бөлу, ақпарат көздерін анықтау.

– Педагог пен оқушылар арасындағы кері байланыс пен өзара әрекеттің жүйесін қамтамасыз ету.

Технологиялық компонент:

– Жобалау кезеңдерін жүйелі түрде іске асыру: мәселені анықтау, ақпарат жинау, талдау, шешім қабылдау, жобаны қорғау.


– Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану арқылы іздену жұмысын қолдау.

– Тарихи мәліметтерді жинау және өңдеу үшін түрлі әдістер мен құралдарды қолдану.

Бағалау компоненті:

– Оқушылардың жобалық жұмысының нәтижелерін кешенді бағалау: өнімділік, шығармашылық, сыни ойлау, топтағы ынтымақтастық және өзін-өзі бағалау.

– Критериалды бағалау жүйесін енгізу, оқушыларға өз жетістіктері мен кемшіліктерін талдауға мүмкіндік беру. Төмендегі 1-суретте жобалық оқыту технологиясын қолданудың әдістемелік моделі ұсынылған.



1-сурет. Жобалық оқыту технологиясын қолданудың әдістемелік моделі

Бұл модель мектептегі тарих пәнін жобалық оқыту технологиясы арқылы тиімді жүргізудің құрылымын анықтайды. Екі бағанға бөлінген сызба оқытудың негізгі кезеңдерін жүйелі және логикалық түрде көрсетеді.

1. Бірінші баған: Бастапқы кезеңдер

Мақсаттар: Бұл кезеңде жобалық оқытудың негізгі мақсаттары айқындалады. Оқушылардың зерттеу және сыни ойлау дағдыларын дамыту, сондай-ақ тарих пәніне қызығушылықты арттыру басты мақсаттар ретінде белгіленеді. Мақсаттардың нақты қойылуы оқытудың бағыт-бағдарын анықтап, жоспарлау кезеңінің негізін құрайды.

Жоспарлау: Мұнда оқушылар мен мұғалім жобаның тақырыбын таңдайды, нақты міндеттер мен жұмыс кезеңдерін бөледі. Жақсы жоспарлау жобаның табысты жүзеге асуына ықпал етеді. Бұл кезеңде топтық және жеке жауапкершіліктер бөлінеді, оқушылар өзара үйлесімді жұмыс істей алуы тиіс.

2. Екінші баған: Іске асыру және қорытындылау кезеңдері

Зерттеу: Бұл кезеңде оқушылар ақпарат жинап, тарихи деректерді зерттейді. Тарихи материалдарды талдау және пәндік теорияларды қолдану оқушылардың зерттеу дағдыларын жетілдіруге көмектеседі. Зерттеу кезеңі – жобалық жұмыстың негізі, мұнда білім теориядан тәжірибеге өтеді.

Талдау: Зерттеу материалдарын жүйелеу және қорытындылау кезеңі. Оқушылар алынған ақпаратты құрылымдап, тарихи оқиғаларға сыни баға береді. Бұл оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамытуға бағытталған маңызды кезең.

Қорғау: Оқушылар жобаның нәтижесін презентация түрінде ұсынады және сұрақтарға жауап береді. Бұл кезең коммуникативтік дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді, сондай-ақ білімді жүйелі түрде жеткізу тәжірибесін береді.

Бағалау: Соңғы кезеңде жобаның нәтижелері бағаланады. Бағалау критерийлері негізінде мұғалім мен оқушылар өзара кері байланыс береді, жетістіктер мен кемшіліктер талданады. Бұл процесс оқытуды жетілдіруге және оқушылардың өз-өзін дамытуына бағытталған.

Қазіргі білім беру үдерісінде оқушылардың тарихи санасын қалыптастыру, деректерге негізделген тұжырым жасау, өткен оқиғаларға сыни көзқараспен қарау қабілеттерін дамыту маңызды орын алады. Осы тұрғыда жобалық оқыту технологиясы – білім алушылардың зерттеу, талдау, шығармашылық қабілеттерін арттыруға мүмкіндік беретін тиімді әдістердің бірі. Әсіресе күрделі тарихи тақырыптарды, соның ішінде XX ғасырдың ең

қасіретті беттерінің бірі – «Үлкен террор» кезеңін оқытуда жобалық тәсілді қолдану өзекті бола түседі.

«Үлкен террор» – 1937-1938 жылдары Кеңестік билік жүргізген жаппай саяси қуғын-сүргін, адам құқықтарының бұзылуы, сталиндік репрессиялармен тығыз байланысты тарихи кезең. Бұл тақырыпты оқыту барысында оқушылар тарихи дереккөздермен жұмыс істеуге, қуғын-сүргінге ұшыраған тұлғалардың тағдырын зерттеуге, архивтік құжаттар мен куәгер естеліктері негізінде өз жобаларын жасауға мүмкіндік алады. Жобалық оқыту арқылы оқушылар тарихи әділеттілікті қалпына келтіру, тарихи жадты сақтау және өз ой-пікірін дәлелді жеткізу дағдыларын қалыптастырады.

Мектепте тарих пәні бойынша жобалық оқытуды нақты мысал түрінде ұсынамыз: 9-сынып «Қазақстан тарихы» оқулығында §20-21. «1920-1930 жылдардағы саяси репрессиялар» тақырыбы бойынша оқушы жобалап оқыту технологиясын қолдана алады. Аталған тақырып бойынша жобалық оқыту технологиясы аясында оқушы: архивтік деректерді зерттейді; репрессия құрбандары туралы шағын ғылыми жоба дайындайды және презентация немесе көркем жоба жасайды. Оқушыға ұсынылатын тапсырма: «Ахмет Байтұрсынұлы – XX ғасыр басындағы қазақ руханиятының символы». Осы тапсырма бойынша оқушы:

- А. Байтұрсынұлының өмірбаянын зерттеу;
- 1937 жылғы қудалау себептерін ашу;
- Архив деректері немесе отбасы естеліктері негізінде презентация жасау.

Жобалық жұмыс кезеңдері:

- Тақырыпты таңдау және мақсат қою;
- Ақпарат жинау (кітап, архив, интернет);
- Жобаны жоспарлау және орындау (постер, презентация, көркем жоба және т.б.);
- Бағалау (критерий бойынша);
- Қорғау және пікір алмасу.

Ұсынылған әдістемелік модель жобалық оқыту технологиясын кезең-кезеңімен жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Оның негізгі артықшылықтары:

- Оқушылардың белсенділігін арттыру;
- Зерттеу және сыни ойлау дағдыларын дамыту;
- Тарих пәніне қызығушылықты жоғарылату;
- Командалық және коммуникативтік дағдыларды жетілдіру;
- Оқытудың сапасын бағалау мен жетілдіруге мүмкіндік беру. Аталған артықшылықтар

білім алушылардың жобалық технология бойынша мұғалім тек баланы ынталандырады, бағыт береді және қажет болған жағдайда қажетті ақпаратты қайдан табуға болатынын көрсетеді.

Зерттеуші С.Ю. Курилова еңбегінде жобалық оқытудың 4 артықшылығын ерекше атап көрсетеді. Олар:

- оқу мотивациясын қалыптастыру;
- топтағы әрбір мүшені өздігінен жұмыс жасауға тарту;
- білім алушылардың танымдық, ұйымдастырушылық, кәсіби және басқа да қабілеттерін жетілдіру;
- балалардың өзін-өзі бағалау деңгейін арттыру [14, 48-б.].

Модельдің екі бағанға бөлінуі оқытудың бастау және жүзеге асыру кезеңдерін айқын бөледі, бұл оқушылар мен мұғалімге әр кезеңге назар аударуға және оқыту процесін басқаруға көмектеседі.

Модель аясында оқушылар үшін «кітапханадан-интернетке» әдісі ұсынылады. Бұл білім алушылардың өздігінен жұмыс істеуге және ақпаратты түрлі дереккөздерден – кітапханалардан бастап интернетке дейін – іздеуге деген ынтасының артуында. Олар уақытты жоспарлады, алынған деректермен жұмыс істеуді үйренеді, топтық жұмыстарды ұйымдастырады және ұжымдық немесе жеке шешім қабылдау дағдыларын меңгереді.

«Кітапханадан – интернетке» әдісі – тарих сабағында ақпарат көздерімен жұмыс жасаудың жүйелілігін қалыптастыруға бағытталған әдістемелік жоба. Бұл жобаның басты мақсаты – оқушылардың дәстүрлі (кітапхана каталогтары, анықтамалықтар, энциклопедиялар) және заманауи (интернет-ресурстар, цифрлық мұрағаттар) дереккөздерден ақпарат іздеуде дербес жұмыс жасау дағдысын дамыту.

«Кітапханадан – интернетке» әдісі 5 кезеңнен тұрады.

1-кезең. Мақсат қою және жоспарлау: оқушылар зерттейтін тарихи мәселені немесе сұрақты таңдайды, жобаның мақсаттары мен міндеттерін айқындайды.

2-кезең. Ақпарат іздеу: кітапханалық каталогтармен жұмыс істеу, мұрағаттық құжаттарды зерделеу, интернет-дерекқорлар мен ғылыми сайттардағы материалдарды талдау.

3-кезең. Салыстырмалы талдау: алынған ақпараттарды салыстыру, әр дереккөздің сенімділігін бағалау, деректердің мазмұнын тарихи контекстте түсіндіру.

4-кезең. Нәтиже шығару: зерттеу қорытындыларын жазбаша баяндау немесе мультимедиялық презентация түрінде қорғау.

5-кезең. Бағалау: критерийлер бойынша оқушының зерттеу процесі мен нәтижесін бағалау (ақпарат іздеу сапасы, дереккөздер алуан түрлілігі, аналитикалық қорытынды, жобаның безендірілуі).


Бұл жобалық формат оқушыларға тарихтың деректік негізін түсінуді, ақпарат көздерімен сын тұрғысынан жұмыс жасауды, өз көзқарасын дәлелдеуді үйретеді. Сонымен қатар, «Кітапханадан – интернетке» жобасы цифрлық сауаттылықты арттыруға, оқушылардың өздігінен білім алуына және өмір бойы білім алу ұстанымын дамытуға ықпал етеді.

Зерттеу мақаласы аясында Алматы қаласы №148 мектеп-гимназия базасында тарих пәнінен жобалық оқыту технологиясын қолданудың тиімділігін анықтау мақсатында сауалнама әдісін қолданылды. Бұл Лайкерт шкаласы (Likert scale) респонденттердің көзқарастары мен пікірлерін сандық түрде өлшеуге мүмкіндік беретін сенімді құрал ретінде зерттеуде кеңінен қолданылды [15].

Сауалнамаға тарих пәні мұғалімдері мен орта буын оқушылары қатысты. Респонденттерге жобалық оқыту үдерісіндегі түрлі аспектілерге (қызығушылық, сыни ойлау, шығармашылық, топта жұмыс істеу, зерттеу дағдылары, бағалау әдістері және жалпы тиімділік) қатысты өз пікірлерін 5 балдық шкала арқылы білдіру ұсынылды.

Лайкерт шкаласы арқылы оқушылардың немесе мұғалімдердің жобалық оқыту технологиясына деген көзқарасын, тарих сабағында бұл әдісті қолдану кезінде қызығушылық деңгейін және мұғалімдер мен оқушылар тарапынан әдістемелік модельдің қолайлылығын немесе қиындықтарын нақты бағалауға мүмкіндік алдық.

Сауалнама нәтижесі төмендегі 2-суретте ұсынылған.



2-сурет. «Лайкерт шкаласы» бойынша алынған сауалнама нәтижесі

Сауалнама нәтижелері келесі негізгі тұжырымдарды жасауға мүмкіндік берді:

Оқушылардың басым көпшілігі жобалық тапсырмаларға қызығушылықпен қатысатынын және олардың тарихи тақырыпты тереңірек меңгеруге ықпал ететінін мойындады (орташа баға: 4,3).

Мұғалімдер жобалық оқыту оқушылардың зерттеу, талдау және шығармашылық қабілеттерін дамытатынын жоғары бағалады (орташа баға: 4,5).

Сыни ойлау дағдылары мен дербес шешім қабылдау қабілеттерінің жетілдірілуі респонденттер тарапынан оң бағаланды (орташа баға: 4,2).

Сабақ құрылымындағы өзгерістер мен бағалау критерийлерінің нақтылығы білім алушыларға жауапкершілік пен ынтымақтастық сезімін дамытатыны анықталды.

Сауалнама нәтижесі жобалық оқыту технологиясы тарих пәнінде білім алушылардың танымдық белсенділігін, шығармашылығын, сыни ойлау мен топтық қарым-қатынас дағдыларын арттыруға ықпал ететінін көрсетті. Респонденттердің 80-89%-ы жобалық оқыту технологиясының тиімділігін жоғары бағалап, оның оқу үдерісін жақсартатынын және оқушылардың өмірлік дағдыларын дамытуға ықпал ететінін мойындаған. Бұл әдістемелік модельді мектеп тәжірибесіне кеңінен енгізу қажеттілігін дәлелдейді.

Қорытынды. Зерттеу нәтижесінде мектепте тарих пәнін оқытуда жобалық оқыту технологиясын тиімді қолданудың әдістемелік моделін әзірлеу – оқу үдерісін жаңғырту мен оқушылардың тұлғалық дамуын қамтамасыз етудегі маңызды қадам екені айқындалды. Жобалық оқыту – оқушының білім алушы ретіндегі белсенділігін арттырып қана қоймай, оның зерттеушілік, шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін дамытудың тиімді әдісі ретінде танылды.

Мақалада қойылған міндеттерге сәйкес жобалық оқыту технологиясының теориялық негіздері мен тарих пәніндегі қолдану ерекшеліктері қарастырылып, оның педагогикалық және әдістемелік әлеуеті анықталды. Тәжірибелік зерттеу барысында мектеп мұғалімдері мен оқушылары арасында сауалнама жүргізіліп, жобалық оқытудың оқу үдерісінде кездесетін қиындықтары мен қолдану деңгейі нақты талданды. Алынған мәліметтер жобалық оқыту технологиясын жүйелі түрде ендіру қажеттігін, сондай-ақ мұғалімдердің әдістемелік дайындық деңгейін арттыру маңызды екенін көрсетті.

Ұсынылған әдістемелік модель жобалық оқыту технологиясының негізгі компоненттері мен принциптеріне сүйене отырып жасалды және тарих пәнінде оқу мазмұны мен оқушылардың іс-әрекетін үйлестіруге мүмкіндік береді. Бұл модель оқушыны білім алудың пассивті объектісінен белсенді субъектісіне айналдыруға, тарихи

құбылыстарды тереңірек түсінуіне және білімін өмірлік жағдаяттарда қолдануына жағдай жасайды.

Қорытындылай келе, жобалық оқыту технологиясын мектептің тарих пәніне енгізу – оқыту сапасын арттырудың және оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың тиімді құралы екені дәлелденді. Зерттеу нәтижелері осы бағыттағы педагогикалық іс-әрекетті жетілдіруге және білім беру жүйесінде инновациялық әдістерді кеңінен қолдануға жол ашады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Вербицкий А.А. *Активное обучение в высшей школе: контекстный подход*. – М.: Высш. шк., 1991. – 204 с.
2. Егоров Е.Е., Анисенко А.В., Бурлакова Ю.В., Быкова Н.С. *Проектная деятельность как инновационная технология в системе современных подходов к обучению* // Интернет-журнал «Мир науки». – 2016. – Т. 4. – С. 1-10.
3. Котова С.С. *Проектное обучение – инновационный подход к организации учебного процесса*. – Екатеринбург: Изд-во Рос. гос. проф.-пед. ун-та, 2022. – 172 с.
4. Intykbekov A. *Teacher perceptions of project-based learning in a Kazakh-Turkish Lyceum in the northern part of Kazakhstan*. – Almaty, 2017. – 103 p.
5. Chandan P.S. *Unravelling the Tapestry of Kazakhstan: Enhancing Research Skills with Project-Based Learning and Intelligence* // *Library Progress International* Vol.44 No.3, Jul-Dec 2024: P. 28758-28768
6. James T. *Study on the Best Uses of Technology in Support of Project-Based Learning* // arXiv.org (Cornell University). 2017.
7. Sin Wei Lim. *Learning history through project-based learning* // *Journal of Education and Learning (EduLearn)*. Vol. 17, No. 1, February 2023. – P. 67-75.
8. *Пять мировых трендов в образовании, за которыми будущее* // Официальный сайт: informburo.kz. 24.11.2022. URL: <https://informburo.kz/stati/pyat-mirovykh-trendov-v-obrazovanii-za-kotorymi-budushhee>
9. Сатбекова А. *Жобалай оқыту технологиясы*. – Алматы: Қыздар университеті, 2016. – 316 б.
10. Матяш Н.В. *Инновационные педагогические технологии. Проектное обучение: учебное пособие для студентов учреждений высшего профессионального образования*. – М.: Издательский центр «Академия», 2014. – 144 с.
11. Матюшкина М.Д. *Методы педагогического исследования*. – СПб.: СПб АППО, 2012. – 143 с.
12. Пахомова Н.Ю. *Метод учебных проектов в образовательном учреждении: Пособие для учителей и студентов педагогических вузов*. – М.: АРКТИ, 2013. – 112 с.
13. Ольхова Л.А. *Проектное обучение как инновационная технология, формирующая профессиональные компетенции студентов вуза* // *Современная образовательная среда: теория и практика: материалы IV Междунар. науч.-практ. конф. / редкол.: О.Н. Широков*. – Чебоксары: Центр научного сотрудничества «Интерактив плюс», 2018. – С. 83-86.
14. Курилова С.Ю. *Проектное обучение как инновационная технология организации образовательного процесса* // *Научные проблемы гуманитарных исследований*. – 2019. – №1. – С. 47-48.
15. *Преимущества шкалы Лайкерта* // – Режим доступа: <https://ru.surveymonkey.com/mp/likert-scale/> (Қаралған күні: 01.05.2025)

References:

1. Verbickiy A.A. *Aktivnoe obuchenie v vysshey shkole: kontekstnyy podkhod* [Active learning in higher education: a contextual approach]. – М.: Vyssh. shk., 1991. – 204 s. [in Russian]
2. Egorov E.E., Anisenko A.V., Burlakova YU.V., Bykova N.S. *Proektnaya deyatel'nost' kak innovacionnaya tekhnologiya v sisteme sovremennykh podkhodov k obucheniyu* [Project activity as

an innovative technology in the system of modern approaches to learning] // Internet-zhurnal «Mir nauki». – 2016. – T. 4. – S. 1-10. [in Russian]

3. Kotova S.S. Proektnoe obuchenie – innovacionnyj podhod k organizacii uchebnogo processa [Project-based learning is an innovative approach to the organization of the educational process]. – Ekaterinburg: Izd-vo Ros. gos. prof.-ped. un-ta, 2022. – 172 s.

4. Intykbekov A. Teacher perceptions of project-based learning in a Kazakh-Turkish Lyceum in the northern part of Kazakhstan. – Almaty, 2017. – 103 p. [in English]

5. Chandan P.S. Unravelling the Tapestry of Kazakhstan: Enhancing Research Skills with Project-Based Learning and Intelligence // Library Progress International Vol.44 No.3, Jul-Dec 2024: P. 28758-287687 [in English]

6. James T. Study on the Best Uses of Technology in Support of Project-Based Learning // arXiv.org (Cornell University). 2017. [in English]

7. Sin Wei Lim. Learning history through project-based learning // Journal of Education and Learning (EduLearn). Vol. 17, No. 1, February 2023. – P. 67-75. [in English]

8. Pyat mirovykh trendov v obrazovanii, za kotorymi budushchee [Five global trends in education that are the future] // Ofitsial'nyy sayt: informburo.kz. 24.11.2022. URL: <https://informburo.kz/stati/pyat-mirovyx-trendov-v-obrazovanii-za-kotorymi-budushchee> [in Russian]

9. Satbekova A. Zhobalay okytu tehnologiyasy [Design training technology]. – Almaty: Qyzdar universiteti, 2016. – 316 b. [In Kazakh]

10. Matyash N.V. Innovacionnye pedagogicheskie tekhnologii. Proektnoe obuchenie: uchebnoe posobie dlya studentov uchrezhdenij vysshego professional'nogo obrazovaniya [Innovative pedagogical technologies. Project-based learning: a textbook for students of institutions of higher professional education]. – M.: Izdatel'skij centr «Akademiya», 2014. – 144 s. [in Russian]

11. Matyushkina M.D. Metody pedagogicheskogo issledovaniya [Methods of pedagogical research]. – SPb.: SPb APPO, 2012. – 143 s. [in Russian]

12. Pahomova N.YU. Metod uchebnykh proektov v obrazovatel'nom uchrezhdenii: Posobie dlya uchitelej i studentov pedagogicheskikh vuzov [method of educational projects in educational studies: reference for teachers and students of pedagogical universities]. – M.: ARKTI, 2013. – 112 s. [in Russian]

13. Ol'hova L.A. Proektnoe obuchenie kak innovacionnaya tekhnologiya, formiruyushchaya professional'nye kompetencii studentov vuza [Project training as innovative technologies, forming professional competencies of students of the university] // Sovremennaya obrazovatel'naya sreda: teoriya i praktika: materialy IV Mezhdunar. nauch.-prakt. konf. / redkol.: O.N. SHirokov. – CHEboksary: Centr nauchnogo sotrudnichestva «Interaktiv plyus», 2018. – S. 83-86. [in Russian]

14. Kurilova S.YU. Proektnoe obuchenie kak innovacionnaya tekhnologiya organizacii obrazovatel'nogo processa [Project training as an innovative technology of the organization of the educational process] // Nauchnye problemy gumanitarnykh issledovaniy. – 2019. – №1. – S. 47-48. [in Russian]

15. Preimushchestva shkaly Lajkerta [priority scale of Likert] // – Rezhim dostupa: <https://ru.surveymonkey.com/mp/likert-scale/> (Karalzan kyni: 01.05.2025) [in Russian]